

Жергілікті бюджеттердегі мемлекеттік білім беру ұйымдарының құқықтарын кеңейту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 27 қыркүйек N 1185

Жергілікті бюджеттер есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдарының құқықтарын кеңейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, мемлекеттік Бюджеттік банкіне жергілікті бюджеттердегі және заңды тұлға болып табылатын мемлекеттік білім беру ұйымдарына олардың орналасқан жерлері бойынша үстіміздегі жылдың 1 қазанына дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің немесе мемлекеттік Бюджеттік банкінің бөлімшелерінде дербес ағымдағы бюджеттік шот ашу ұсынылсын.

2. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері мемлекеттік білім беру ұйымдарын тікелей білім беру ұйымдарының банкілік шоттарындағы жергілікті бюджеттер қаражаттарынан қаржыландыруды жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, облыстардың

және Алматы қаласының әкімдері бюджеттік қаражаттардың білім беру ұйымдарының шоттарына түсуін және оның мақсатты пайдалануын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Ұйымдарда есеп жүргізу олардың бар адамдарының шегінде жүргізуді талап етеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі